

Аңдатпа

Дипломдық жоба «Жиілікті түрлендіргіш – асинхронды қозғалтқыш» жүйесі бойынша жетілдірілген көпірлік кранның электр жетегі тақырыбына орындалған. Оған келесі бөлімдер кіреді: арнайы бөлім, өміртіршілік қауіпсіздігі және экономикалық бөлім.

Арнайы бөлімінде жаңғыртудың қажеттілігін есептей отыра қазіргі заманға лайық жиілікті түрлендіргіш асинхронды электр жетегі қарастырылған. Көпірлік кранның құрылысы және сипаттамалары келтіріліп, қуаты есептелініп, қозғалтқышы таңдалып, оның механикалық сипаттамалары және диаграммасы тұрғызылды. Сонымен қатар электр жетегінің құрылымдық сұлбасы құрылды және MATLAB бағдаламасын қолдану арқылы ЖТ-АҚ жүйесінің өтпелі процестері қарастырылды.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде қоршаған ортаны қорғаудың қажетті шаралары қарастырылған және шу мен өрт қауіпсіздігі техникасы қарастырылған. Шуды азайту және өрт сөндіруге насос таңдалды.

Жобаның экономикалық бөлімінде капиталды шығындарға және базалық және жобаланған нұсқа бойынша қолдану шығындарына есеп жүргізілген, сонымен қатар жобаның экономикалық тиімділігімен ағымдағы таза құны есептелді.